



Күміс Университет: музейдегі мазмұнды дәріс

2026 жылғы 22 қаңтарда Күміс Университет бағдарламасы аясында “Бейнелеу өнері” саласы бойынша кезекті дәріс өтті. Дәрісті Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, “Өнертану” факультетінің аға оқытушысы, тәжірибелі өнертанушы Л.А. Кенжебаева Ә.Қастеев атындағы ҚР ұлттық өнер музейінде өткізді.

Дәріс барысында тыңдарман қауым музейдің Қазақ бейнелеу өнері, Әбілхан Қастеев шығармашылығы, Орыс өнері, Батыс Еуропа өнері және Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері залдарындағы таңдаулы туындылармен танысып, бейнелеу өнерінің тарихи-эстетикалық қырлары жөнінде мазмұнды дәріс тыңдады. Музей кеңістігінде өткен бұл кездесу өнер туындысын түпнұсқада қабылдап, көркем ойды терең түсінуге толығырақ мүмкіндік берді.